«БЕКІТЕМІН»

ЖШС "ІНЖУ-НАЗ" балабақшасының

меңгерушісі: Макенова Р.С.

КОНСУЛЬТАТИВТІК ПУНКТТІҢ

2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Балабақша меңгерушісі: Макенова Р.С.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша ата-аналарға психологиялық-педагогикалық, әдістемелік және консультативтік көмек көрсету, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, отбасымен тиімді ынтымақтастық орнату.

Міндеттері:

1. Ата-аналарға мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша кеңес беру.
2. Баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, ата-аналарға практикалық көмек көрсету.
3. Отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту.
4. Баланың сөйлеу, танымдық, әлеуметтік-эмоциялық және шығармашылық дамуына жағдай жасау.
5. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын ата-аналар тәрбиесімен байланыстыру.
6. Ұлттық құндылықтарды, отансүйгіштікті, адалдықты, жауапкершілікті, еңбексүйгіштікті және ізгілікті бала бойына сіңіруге ата-аналарға әдістемелік қолдау көрсету.

2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Айы	Іс-шара тақырыбы	Жұмыс түрі	«Адал азамат» құндылығы	Жауапты
1	Қыркүйек	«Консультативтік пункт – ата-анаға көмекші»	Таныстыру, кеңес	Бірлік, жауапкершілік	Меңгеруші, педагог
2	Қыркүйек	«Балабақшаға бейімделу кезеңі»	Жеке кеңес	Қамқорлық	Педагог, психолог
3	Қазан	«Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»	Дөңгелек үстел	Әділдік, жауапкершілік	Педагог
4	Қазан	«Адалдық – адамдықтың белгісі»	Әңгіме, кеңес	Адалдық	Педагог

№	Айы	Іс-шара тақырыбы	Жұмыс түрі	«Адал азамат» құндылығы	Жауапты
5	Қараша	«Балаға дұрыс қарым-қатынас жасаудың тиімді жолдары»	Психологиялық кеңес	Құрмет	Психолог
6	Қараша	«Отбасындағы еңбек тәрбиесі»	Семинар-практикум	Еңбексүйгіштік	Педагог
7	Желтоқсан	«Тәуелсіздік – ел тұғыры»	Танымдық кездесу	Отаншылдық	Педагог
8	Желтоқсан	«Ұлттық тәрбие – ұрпақ тәрбиесінің негізі»	Кеңес	Ұлттық құндылық	Педагог
9	Қаңтар	«Баланың сөйлеу тілін дамытудағы ата-ананың рөлі»	Практикалық кеңес	Жауапкершілік	Педагог
10	Қаңтар	«Бала және гаджет: пайдалы әдет қалыптастыру»	Ата-аналарға кеңес	Жауапты мінез-құлық	Педагог
11	Ақпан	«Мейірімді бала – бақытты бала»	Тренинг	Мейірімділік	Психолог
12	Ақпан	«Достық пен сыйластықты балаға үйрету»	Дөңгелек үстел	Бірлік	Педагог
13	Наурыз	«Наурыз – ұлттық салт-дәстүр мерекесі»	Тәрбие сағаты, кеңес	Ұлттық құндылық	Педагог
14	Наурыз	«Отбасындағы салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні»	Кеңес	Ұлттық мұра	Педагог
15	Сәуір	«Бала қауіпсіздігі – басты міндет»	Ақпараттық кеңес	Жауапкершілік	Педагог
16	Сәуір	«Экологиялық тәрбие отбасынан басталады»	Практикалық кездесу	Еңбек, жауапкершілік	Педагог
17	Мамыр	«Отан қорғау – азаматтық парыз»	Танымдық кездесу	Отаншылдық	Педагог
18	Мамыр	«Бір жылдық жұмысты қорытындылау»	Қорытынды кездесу	Бірлік, жауапкершілік	Меңгеруші, педагог

Күтілетін нәтиже:

- ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты педагогикалық сауаттылығы артады;
- ата-ана мен педагог арасындағы ынтымақтастық нығаяды;
- ата-аналар балаға жас ерекшелігіне сай қолдау көрсете алады;
- балалардың бойында адалдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, отансүйгіштік, мейірімділік және ұлттық құндылықтар қалыптастыруға ата-аналар белсенді қатысады;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие құндылықтары отбасы тәрбиесімен сабақтастырылады.

ХАТТАМА №1

Күні: «08» қыркүйек 2025 жыл
Өткізілген орны: ЖШС «ІНЖУ-НАЗ» балабақшасы
Іс-шара: «Консультативтік пункт – ата-анаға көмекші»

Қатысқандар: ата-аналар, педагогтер
Тораға: Макенова Р.С.

Күн тәртібі:

1. Консультативтік пункттің мақсат-міндеттерімен таныстыру.
2. 2025–2026 оқу жылындағы жұмыс бағыттарын таныстыру.
3. «Адал азамат» біртұтас тәрбие құндылықтарын отбасы тәрбиесіне енгізу.

Тыңдалды:

Педагог консультативтік пункттің ата-аналарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелері бойынша көмек көрсететінін түсіндірді. Ата-аналарға баланың жас ерекшелігін ескере отырып тәрбие беру, баламен дұрыс қарым-қатынас жасау және отбасындағы жағымды психологиялық ахуалды қалыптастыру жөнінде ақпарат берілді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағыты бойынша адалдық, жауапкершілік, еңбекқорлық, отансүйгіштік, мейірімділік және ұлттық құндылықтарды бала тәрбиесінде қолданудың маңызы айтылды.

Сөйледі:

Ата-аналар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, консультативтік пункт жұмысына ұсыныстарын білдірді.

Қаулы етті:

1. Консультативтік пункттің 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары басшылыққа алынсын.
2. Ата-аналармен тұрақты түрде жеке және топтық консультациялар жүргізілсін.
3. «Адал азамат» құндылықтарын отбасы тәрбиесіне жүйелі түрде енгізу ұсынылсын.

Тораға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №2

Күні: «08» қазан 2025 жыл
Тақырыбы: «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі»

Күн тәртібі:

1. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі.
2. Отбасындағы жағымды қарым-қатынас.
3. Адалдық пен жауапкершілікті бала бойына қалыптастыру.

Тыңдалды:

Педагог ата-ананың бала үшін алғашқы тәрбиеші екенін атап өтті. Баланың мінез-құлқы көбінесе отбасындағы қарым-қатынас пен ата-ананың жеке үлгісіне байланысты қалыптасатыны түсіндірілді.

«Адал азамат» тәрбиесінің негізгі құндылықтарын күнделікті өмірде қолдану: үлкенді сыйлау, уәдеде тұру, еңбектену, шындықты айту, өз ісіне жауап беру жөнінде ұсыныстар берілді.

Сөйледі:

Ата-аналар бала тәрбиесінде кездесетін қиындықтарымен бөлісіп, педагогтерден кеңес алды.

Қаулы етті:

1. Отбасында балаға жағымды психологиялық орта қалыптастырылсын.
2. Баланың жақсы әрекеттері мадақталып, жағымды мінез-құлқы қолдау тапсын.
3. Адалдық, жауапкершілік және еңбекқорлық құндылықтарын күнделікті отбасылық тәрбиеге енгізу ұсынылсын.

Төраға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №3

Күні: «19» қараша 2025 жыл
Тақырыбы: «Отбасындағы еңбек тәрбиесі»

Тыңдалды:

Ата-аналарға баланы қарапайым еңбекке ерте жастан баулу қажеттілігі түсіндірілді. Ойыншықтарын жинау, киімін реттеу, дастарханға көмектесу сияқты күнделікті әрекеттердің жауапкершілік пен дербестікке тәрбиелейтіні айтылды.

Сөйледі:

Педагог еңбек тәрбиесінің «Адал азамат» құндылықтарымен байланысын түсіндірді. Еңбекті бағалау, бастаған істі аяқтау, өзгеге көмектесу – баланың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыратыны айтылды.

Қаулы етті:

1. Баланы жасына сай үй шаруасына қатыстыру.
2. Баланың еңбегін бағалап, нәтижесіне оң баға беру.
3. Отбасында еңбекқорлық пен жауапкершілікті күнделікті үлгі арқылы қалыптастыру.

Тораға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №4

Күні: «31» желтоқсан 2025 жыл
Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие – ұрпақ тәрбиесінің негізі»

Тыңдалды:

Педагог ұлттық салт-дәстүр, ана тілі, ұлттық ойындар, халық ауыз әдебиеті мен отбасылық дәстүрлердің бала тәрбиесіндегі маңызы туралы айтты.

Сөйледі:

Ата-аналар отбасында қолданылатын ұлттық дәстүрлермен бөлісті. Балаларға ұлттық құндылықтарды ойын, ертегі, мақал-мәтел және отбасылық әңгіме арқылы жеткізу ұсынылды.

Қаулы етті:

1. Балаларды ұлттық салт-дәстүрлермен таныстыру жұмысы жүйеленсін.
2. Үйде ұлттық ойындар мен халық ауыз әдебиеті үлгілерін қолдану ұсынылсын.
3. Ұлттық құндылықтарды «Адал азамат» тәрбиесімен байланыстыра отырып жүзеге асыру жалғастырылсын.

Тораға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №5

Күні: «06» қаңтар 2026 жыл
Тақырыбы: «Бала және гаджет: пайдалы әдет қалыптастыру»

Тыңдалды:

Ата-аналарға баланың гаджет қолдану уақытын бақылау, мазмұнын таңдау және баламен бірге пайдалы цифрлық әрекеттер ұйымдастыру жөнінде кеңес берілді.

Сөйледі:

Педагог гаджетті толық тыйым салу емес, оны дұрыс әрі жауапты пайдалануға үйретудің маңызын атап өтті.

Қаулы етті:

1. Баланың гаджет қолдану тәртібі белгіленсін.

2. Бос уақытын қимылды ойындармен, кітап оқумен және шығармашылық әрекеттермен алмастыру ұсынылсын.
3. Ата-аналар баланың интернеттегі қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарасын.

Тораға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №6

Күні: «19» ақпан 2026 жыл
Тақырыбы: «Мейірімді бала – бақытты бала»

Тыңдалды:

Психолог баланың эмоциясын түсіну, оны тыңдау, сезімін қабылдау және мейірімді қарым-қатынас қалыптастыру жолдары туралы түсіндірді.

Қаулы етті:

1. Баламен сөйлескенде сабырлы және жылы қарым-қатынас орнатылсын.
2. Баланы басқа балалармен салыстырмау ұсынылсын.
3. Күнделікті өмірде мейірімділік пен өзара көмек көрсетуге жағдай жасалсын.

Тораға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №7

Күні: «19» наурыз 2026 жыл
Тақырыбы: «Отбасындағы салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні»

Тыңдалды:

Ата-аналарға отбасылық дәстүрлердің баланың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы рөлі түсіндірілді.

Сөйледі:

Ата-аналар өз отбасыларындағы дәстүрлер туралы айтып, ұлттық құндылықтардсақтаудың маңызын атап өтті.

Қаулы етті:

1. Отбасылық және ұлттық дәстүрлерді балаларға таныстыру жалғастырылсын.
2. Балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу қолға алынсын.
3. Ұлттық құндылықтар күнделікті тәрбие жұмысына енгізілсін.

Тораға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №8

Күні: «13» сәуір 2026 жыл
Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты міндет»

Тыңдалды:

Баланың үйдегі, көшедегі, балабақшадағы және қоғамдық орындардағы қауіпсіздігі туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

Қаулы етті:

1. Баланың қауіпсіздік ережелерін білуіне жағдай жасалсын.
2. Жолда, үйде және қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелері үнемі қайталансын.
3. Ата-аналар бала қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарасын.

Төраға: Макенова Р.С.

ХАТТАМА №9

Күні: «20» мамыр 2026 жыл
Тақырыбы: «Бір жылдық жұмысты қорытындылау»

Тыңдалды:

2025–2026 оқу жылында консультативтік пункт арқылы жүргізілген жұмыстар қорытындыланды. Ата-аналарға көрсетілген психологиялық-педагогикалық және әдістемелік көмектің нәтижелері талқыланды.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие құндылықтарын отбасы тәрбиесіне енгізу бойынша атқарылған жұмыстар сараланды.

Сөйледі:

Ата-аналар консультативтік пункт жұмысының тиімділігі туралы пікірлерін білдіріп, келесі оқу жылына ұсыныстарын айтты.

Қаулы етті:

1. 2025–2026 оқу жылындағы консультативтік пункт жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Ата-аналармен ынтымақтастықты келесі оқу жылында жалғастыру ұсынылсын.
3. «Адал азамат» құндылықтарын бала тәрбиесіне жүйелі енгізу жалғастырылсын.

Төраға: Макенова Р.С.